

## Кеңбай батыр және ұрпақтары

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері хандарымыз бен билеріміз, батырларымыз насихатталып жатыр. Солардың бірі – Кеңбай батыр Жантоқайұлы. Тегі Орта жүз. Қыпшақ-Қара-Торы-Шашты (Кенжеғұл)-Бошай-Көбес аталығынан.

Жантоқайұлы Кеңбай батыр қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі өңірінде XIX ғасырда өмір сүрген. Батырдың бейіті белгісіз болып отыр.

Кеңбай батыр Сыр елінің азаттығы үшін Қоқан хандығының озбырлығына қарсы күрескен. Ұрпақ-ұрпақтан аңыз болып келе жатқан дерек бойынша, батыр атақты мерген болған екен. Бір күні Қоқан ханы Кеңбай батырдың мергендігін сынайын деп өзіне шақырады. Тарихтан белгілі Қоқан хандығының кейбір хандары, әскербасылары, бектері қыпшақ руынан шыққанын. Кеңбай батыр Қоқан ханының шақыруын қабыл етіп, қасына бір мықты мерген жігітті серік қылып, қоқан еліне аттанады. Бір өкініштісі, батырдың қасындағы серігі, мерген жігіттің есімі, тегі ұмытылып қалған. Кеңбай батыр ханға жақындай бергенде аттың үстінде тұрып шиті мылтығымен ханның тақиясының шошағын атып түсіреді. Хан қорыққанынан құлап қалады. Сонда Кеңбай батырдың қасындағы серігі ханның етігінің тағасын атып түсіреді. Сол кезде ханның нөкерлері Кеңбай батырды атып өлтіреді. Ал, батырдың серігі қашып құтылады. Бұл оқиға қай жерде болғаны белгісіз. Бұл ел ауызында жүрген әңгімелердің бір шоғыры ғана.

Кеңбай батырды Сыр сұлейі Мәнсүр Бекежанов (1875-1933) 1912 жылы Иманжүсіпке жазған хатында:

«Бар еді Өтеп, Жақап – жақыныңнан,  
Ермек, Түйме, Кеңбай бар ата ұлынан.  
Жаназар – Шағыр Қыпшақ бір жүзбасы,  
Қазақтың найза ұстаған батырынан», - деп жырлаған.

Осы жырдан байқағанымыздай Кеңбай батырдың халық қорғаны болғаны, Сыр елінің айтулы ері екені көрініп тұр.

Енді Кеңбай батырдың ұрпақтары жайлы айтсақ.

Кеңбайдан Басықара батыр туады. Басықара әке жолын қуып, елде белді кісі болады. Бұл кісі қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе өңірінде 19 ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Басықараның әйелінің аты Шаштыбике болған. Басықара ауқатты кісі болған. 1928 жылы Қызылорда облысында ұжымдастыру басталады. Сонда Басықара бабамыздың зайыбы Шаштыбике анамыз жұбайы өмірден кеткендіктен бір шешімге келеді. Шаштыбике анамыз Совет үкіметіне өз еркімен жиған қалын малын өткізеді. Сөйтіп, Кеңбай батырдың келінінің көреген шешімінің арқасында ұрпақтары жаппай қуғын-сүргін заманында репрессияға ұшырамай аман қалады.

Басықарадан Оспан (1878-1918), Өмірзақ (1880-1962), Асқар (1882-1976) деген балалары туады. Кеңбай батырдың осы үш немересінен тараған

ұрпақтары батыр бабасының атына кір келтірмей, халқына қызмет жасауда еңбек етіп жүр. Оспаннан Ерман (18 -1956), Шәмшат (1905-1979) туады.

Басықара батырдың екінші ұлы Өмірзақтан Мәдішер (1913-1989) туады. Кеңбай батырдың немересі Өмірзақ Сұлутөбе өңірінде өте беделді кісі болған. Елінде «Көк шапан» деген аты қалған. Өмірзақтың Мәдішері өте сауатты кісі болған. Перовскідегі (қазіргі Қызылорда қаласы) коммунистік ячейканың 1-секретарі болған. Басықараның кенжесі Асқардан Алпысбай 1946 ж.т., Жетпісбай 1950 ж.т., Тәшкенбай 1954 ж.т., Ибрагим 1960 ж.т., Нұрмантай 1965 ж.т., Кенжетай 1967 ж.т., Әнуар 1969 ж.т. туады.

Басықараның кенже баласы Асқар ақсақал ұзақ жасаған (94 жасында қайтыс болған). XX ғасырдың 70 жылдарында Асқар қария баласы Жетпісбайға әкесінің (Басықара) бейітің көрсетеді.

Басықараның бейіті – Сұлутөбеден батысқа қарай 15 шақырым жерде, дарияның жиегінде орналасқан көне бейіт екен. Басында құлыптасы болған. Сол уақыттан бері Басықара бабаның бейітіне ешкім бармаған.

Басықара батырдың ұстанған заттарынан ұрпақтарында көне арбанын бір дөңгелегі Сұлутөбе қыстағында тұратын немересі Әнуардың үйінде сақталып тұр. Қазақ халқы өзінің батыр ұлдарын, олардың даңқын, ерлік істерін сыйлап, қадір тұтып, құрмет етіп, әруақтарына тағзым етеді.

Қорыта келгенде айтарым, кезінде елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Тәуелсіздік туын көтеріп, егемендік өрісіне өз бағытымен шыққан жас мемлекетіміз үшін тарих – көне дәуірлердің куәсі ғана емес, сонымен бірге ол осы жерді мекендеген халықтың зердесі, парасат-пайымы, бүгінгінің – негізі, ертенгінің – бағдары. Ұзақ уақыттар бойы бұрмаланып келген халқымыздың тарихын егемен еліміздің жалпыұлттық мүддесі тұрғысынан қайта жазудың аса маңыздылығы да осында», - деген еді. Сол сияқты біздер кейінгі ұрпақ қазақ халқының азаттығы үшін күрескен айбарлы еріміз Кеңбай батырды ешқашанда ұмытпауымыз керек.

**Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері**

### Әдебиеттер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, Қызылорда қаласының тұрғыны, Қорқыт ата атындағы ҚМУ оқытушысы, Кеңбай батырдың шөбересі Асқаров Алпысбай Асқарұлының дерегінен алынған мағлұмат;

2. М. Байділдаев. М. Мағауин. Бес ғасыр жырлайды. 2 т. – Алматы: Жазушы, 1989.